



БҰЙРЫҚ

20.05.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *249*

город Нур-Султан

**Қалалық «Үздік педагог» атағын беру
конкурсын өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы №12 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қалалық «Үздік педагог» атағын беру конкурсы 2021 жылдың 26 мамыр - 10 маусым аралығында өткізілсін (Одан әрі - Конкурс);
2. Қалалық «Үздік педагог» атағын беру конкурсының ережесі және комиссия құрамы бекітілсін (№1,2-қосымшалар);
3. Конкурстың шығындарын сметаға сәйкес есептеу қаржы-экономикалық бөліміне (А.Берікқызы) жүктелсін және қосымшаға сәйкес бекітілсін (№3-қосымша);
4. Әкімшілік-шаруашылық бөлімі (Т.Шиганов) конкурстың өткізілуін қамтамасыз етсін.
5. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» (С.Дауешова) конкурстың ұйымдастырылуы жүктелсін.
6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары Д.Шоғанбайға жүктелсін.

Басшы

Ш. Сейсенбай

0005394

«Үздік педагог» атағын беру қалалық конкурсының ЕРЕЖЕСІ

I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Үздік педагог» атағын беру қалалық конкурсының ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі, «Педагог мәртебесі туралы» 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының заңдарына, «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығына сәйкес әзірленген.

2. Ереже меншік нысандарына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, педагогикалық қызметте жоғары жетістіктері бар Нұр-Сұлтан қаласының мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) педагог қызметкерлеріне «Үздік педагог» атағын беру қалалық конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

3. Конкурс қашықтан өтеді.

II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4. Мақсаты: педагог кәсібінің мәртебесін арттыру және кәсіби қызметте жоғары жетістіктері бар педагогтерге сыйақы беру, шығармашылықпен жұмыс істейтін, жоғары ғылыми-әдістемелік, ақпараттық және рухани-адамгершілік мәдениетке ие, заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгерген, зияткерлік даму деңгейі жоғары, талантты педагогтерді анықтау.

5. Міндеттері:

- 1) педагог мамандығының беделін көтеру;
- 2) қала педагогтерінің белсенділігін, өзіндік креативтілігі мен шығармашылық ізденісін ынталандыру;
- 3) оң педагогикалық тәжірибені насихаттау және тарату.

III. ЕРЕЖЕДЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҰҒЫМДАР

6. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Сараптамалық комиссия – қалалық кезеңде Конкурстың жеңімпазын анықтау және Конкурстың келесі кезеңдеріне қатысуға ұсыным беру үшін құрылатын комиссия (бұдан әрі – Комиссия);

2) Қалалық конкурстық комиссия – «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ бұйрығымен Конкурс жеңімпазын анықтау және оған «Үздік педагог» атағын беру үшін құрылатын комиссия (бұдан әрі – Қалалық комиссия);

3) жұмыс органы – Конкурсты өткізуге жауапты ұйым – «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК;

4) Конкурсқа қатысушы – осы Ережеге сәйкес Конкурсқа қатысуға құжаттарын ұсынған білім беру ұйымының штаттағы педагог қызметкері;

5) педагог портфолиосы – педагогтің білім беру қызметіндегі жеке кәсіби жетістіктері, оқушыларының оқуы мен тәрбиесі және дамуының нәтижесі, педагогтің белгілі бір уақыт аралығындағы білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі ұсынылған жеке папкасы;

6) эссе – белгілі бір тақырып бойынша жеке әсерді, идеяларды білдіретін шағын көлемді ойлар, шығарма;

7) бейнесабак – қашықтан оқыту нысаны, оның көмегімен тақта алдында тұрып сабақ беру әрекетін бейнекамераға түсіру немесе орындалатын әрекетті компьютерде дауыспен жазба жасауға ауыстыра отырып, классикалық оқыту түрін өзгертуге болады;

8) бейнеролик – бейнекамераға түсіріліп ұсынылған Конкурсқа қатысушының визит карточкасы;

9) сыйақы – Конкурста жеңіске жеткен білім беру ұйымының педагогіне қайтарымсыз берілетін ақша.

IV. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР

7. Конкурсқа мынадай критерийлерге сай келетін:

1) білім беру ұйымдарының штаттағы педагог қызметкері болып табылатын;

2) Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде бес жыл үзіліссіз педагогикалық өтілі бар білім беру ұйымының педагогтері қатысады.

8. «Үздік педагог» атағы бір педагогке он жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

V. КОНКУРСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

9. Конкурсты ұйымдастыру және өткізу үшін Конкурстың жұмыс тобы, Сараптамалық және Қалалық комиссия құрылады.

10. Жұмыс тобының мүшелері Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен бекітіледі.

11. Сараптамалық комиссия Конкурстың бірінші кезеңінің жеңімпазын анықтап, Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсыным беру үшін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК директорының бұйрығымен құрылады және бекітіледі. Сараптамалық

комиссия әдіскерлер, біліктілікті арттыру курстарының тренерлері, педагогтер, кәсіби конкурс жеңімпаздары қатарынан құрылады.

12. Конкурстың екінші кезеңіне қатысушыларды бағалау және «Үздік педагог» атағын беру туралы Комиссия шешімін шығару үшін Қалалық комиссия құрылады, оның құрамы «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ басшысының бұйрығымен бекітіледі. Комиссия білім беруді басқару органдарының қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберлік кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызмет, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, Нұр-Сұлтан қаласының «Әділет» кәсіподағы сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдерінен құрылады.

13. Комиссия төрағасы, төраға орынбасары және хатшы Комиссия мүшелерінен сайланады. Комиссия хатшысы Комиссия мүшесі болып табылмайды.

14. Комиссия мүшелерінің саны он бес адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған жағдайда заңды деп саналады.

15. Жұмыс органы Конкурстың I кезеңін өткізуді бастаудан бір ай бұрын Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды Нұр-Сұлтан қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырады.

16. Жұмыс органы:

1) Конкурс материалдарының тізбесін айқындайды, оның ресімделуіне қойылатын талаптарды, бағалау критерийлерін әзірлейді;

2) Өткізу орны, уақыты, нысаны мен өткізу тәртібін белгілейді.

17. Сараптамалық комиссия:

1) Конкурстың I кезеңінің материалдарын қарастырады және Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

2) қатысқан мүшелердің көпшілік даусымен Конкурстың екінші кезеңіне қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

3) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді және Қалалық комиссияға тапсырылады.

18. Қалалық комиссия:

1) Конкурстың II кезеңін бағалайды;

2) Комиссияның «Үздік педагог» атағын беру туралы шешімін қабылдайды;

3) шешім қатысқан мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады.

Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

4) Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді;

5) жеңімпаздарды марапаттауды жүзеге асырады;

6) Конкурстың республикалық кезеңіне қатысу үшін педагогтерді анықтайды.

19. Қалалық комиссия отырысы мүшелерінің кворумы болған жағдайда заңды болып табылады.

20. Комиссия мүшелері конкурстық тапсырмаларды бағалауды критерияларды жүйе бойынша тиісті бағалау парақтарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссияның әрбір мүшесі бағалау парақтарын Комиссия хатшысына тапсырады. Комиссия шешімі хаттамамен ресімделеді.

21. Комиссияның шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

22. Конкурстың екінші кезеңінің қорытындысы Конкурс аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

23. Конкурсқа қатысу үшін 2021 жылдың 26 мамырына дейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК prof.konkurs2019@mail.ru электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынылады:

1) осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес Конкурсқа қатысу үшін нысан бойынша өтінім;

2) білім беру ұйымының басшысы растаған Конкурс қатысушысына берілген ұсыным;

3) білім беру ұйымының Комиссия отырысының хаттамасынан үзінді;

4) жұмыс орны растаған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парағы;

5) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

6) осы Ереженің 2-3 қосымшаларына сәйкес педагог портфолиосы;

7) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес «Тұлғаны тұлға тәрбиелейді», «Менің педагогикалық даму моделім», «Тәрбиеші балалар жүрегінде» тақырыптарының біріне эссе;

8) осы Ереженің 5,6-қосымшасына сәйкес педагогтің бейнеролигі – визит карточкасы.

9) осы Ереженің 7-қосымшасына оқытатын пәні бойынша бейнесабақ;

24. Конкурс материалдары көрсетілген реттілік бойынша жинақталуы қажет.

25. Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – қабылданбайды.

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Конкурс материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

VI. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

26. Конкурс кезеңдері:

Конкурс екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2021 жылғы 26-31 мамыр аралығында өтеді. Сараптамалық комиссия мүшелері мыналарды қарастырып, бағалайды:

- 1) осы Ереженің 2-3-қосымшаларына сәйкес педагог портфолиосын;
- 2) осы Ереженің 4-қосымшасына сәйкес «Тұлғаны тұлға тәрбиелейді», «Менің педагогикалық даму моделім», «Тәрбиеші балалар жүрегінде» тақырыптарының біріне эссе. Эссе 500 (бес жүз) сөзден тұруы тиіс.

27. Қалалық конкурстың I кезеңінен сәтті өткен педагогтердің тізімі «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ мен Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК сайттарында орналастырылады.

II кезең: Қатысушылар 2021 жылғы 05 маусымына дейін екі тапсырма ұсынады.

Тапсырма №1. Визит карточкасы. Осы Ереженің 5,6-қосымшасына сәйкес бейнеролик даярлау. Қатысушы аталмыш конкурс кезінде өзін көрсетеді, жеке тұлғасын ашады, кәсіби имиджін, оқыту тұжырымдамасын көрсетеді.

Регламент: 1 минут

Бағалау талаптары:

- 1) көрсетілім ерекшелігі;
- 2) IT-ресурстарды пайдалануы;
- 3) регламент сақтау;
- 4) ұсынылған тақырып бойынша қатысушы жеке қабылдауын, көзқарасы мен ойын көрсете білуі;
- 5) педагогтің даралығын ашу;
- 6) бейнеролик жасаудағы креативтілігі.

Тапсырма № 2. Педагогтің оқыту тәжірибесінің көрсетілімі.

Осы Ереженің 7,8-қосымшасына сәйкес педагог бейнесабағын (10-15 мин) prof.konkurs2019@mail.ru электронды поштасына жолдайды.

Бағалау талаптары:

- 1) сабақта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру;
- 2) білім берудегі жаңа стратегияларды қолдану;
- 3) педагог пен білім алушылардың қойылған мақсаттарға жетуі;
- 4) бағалауды тиімді пайдалану;
- 5) кері байланысты пайдалану.

VII. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫСЫ

28. Қалалық комиссия Конкурстың екінші кезеңдегі тапсырмаларын бағалау нәтижесі бойынша (9 қосымша) жеңімпазды («Бас жүлде»), жүлдегерлерді (1, 2, 3 орын) анықтайды.

29. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер құрмет грамоталары, сондай-ақ біржолғы ақшалай сыйақымен марапатталады.

30. Конкурстың нәтижелері Конкурс аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Нұр-Сұлтан қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ және Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК интернет-ресурстарында орналастырылады.

31. Қалалық кезеңнің жеңімпазы, жүлдегерлері және лауреаттары 2020 жылғы тамыз-қыркүйек айларында «Үздік педагог» конкурсының Республикалық кезеңіне қатысу құқығына ие болады.

*«Үздік педагог»
атағын беру
қалалық конкурсына
1-қосымша*

**«Үздік педагог» атағын беру конкурсына қатысуға
Өтінім**

Мені конкурсқа қатысуға жіберуіңізді сұраймын.

Өзім туралы мына мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Т.А.Ә. толық	
3.	Туған жылы, айы, күні	
4.	Лауазымы	
5.	Педагогикалық өтілі	
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
7.	Білімі (қандай оқу орны, қандай факультетті қашан бітірді, диплом бойынша мамандығы)	
8.	Біліктілік санаты	
9.	Үйінің мекенжайы	
10.	Жеке куәлігінің деректері (№, қашан және кім берді, ЖСН)	
11.	Байланыс телефоны (үй, ұялы)	
12.	Марапаттары, көтермелеу	

Қосымша: Конкурсқа қатысу үшін құжаттар _____ парақта.

Өтінім толтырылған күн _____

Конкурсқа қатысушының жеке қолы _____

Білім беру ұйымы басшысының қолы _____

М.О.

Портфолио құрылымы

1. Титул парағы	
3*4 фотосы	
Тегі	
Аты	
Әкесінің аты	
Туған жылы (айы, күні)	
Лауазымы	
Жұмыс орны	
Сынып жетекшілігі	
Педагогикалық өтілі	
Біліктілік санаты	
Білімі (диплом көшірмесі)	
Тілдерді білуі (құжат көшірмесі)	
Ғылыми дәрежесі (құжат көшірмесі)	
Педагогтің және білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) үкіметтік, қоғамдық, халықаралық марапаттаулары (құжат көшірмесі)	

Портфолио растайтын құжаттарды қоса отырып, төменде көрсетілген бөлімдерге сәйкес кесте түрінде рәсімделеді (*портфолио кестеден бастап қоса берілген растайтын құжаттарымен 4 бөлімді қамтуы тиіс*).

I. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі

(Біліктілікті арттыру, инновациялық білім беру технологияларын, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, кәсіби конкурстарға, конференция, семинарларға және т.б. қатысуы, зерттеу жұмыстарының нәтижелері, сараптамалық комиссияларға қатысуы, біліктілікті арттыру курстарындағы тренерлік қызметі туралы мәліметтер)

1. Біліктілігін көтеру				
		Күні	Орны	Сертификат №
1	Қалалық курстар			
2	Республикалық курстар			
3	Халықаралық курстар			
2. Инновациялық білім беру технологияларын қолдануы (оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық)				
	Күні	Алған орны	Қолданған технологиясы туралы сертификаттар	
Қалалық деңгейде				

Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			
3. Кәсіби конкурстарға қатысуы			
	Мерзімі	Алған орны	Диплом, сертификат және т.б.
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			
4. Конференция, семинарларға қатысуы			
	Модератор/сөз сөйлеуші/ қатысушы	Күні/орны	Сертификат, бағдарламалары
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			
5. Зерттеу жұмысы			
	Жеке/ топтық	Күні/орны	Жоспары, пән бойынша жүргізілген зерттеу жұмысын талдауы, шешу жолдары
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			
6. Сараптамалық комиссияларға қатысуы, біліктілікті арттыру курстарындағы тренерлік қызметі			
	Атауы	Күні/орны	(дәлелдейтін құжаттар)
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

II. Педагогтің қала, республикадағы білім беруді дамытуға қосқан жеке үлесі

(мемлекеттік білім беру жобаларын педагогикалық практикаға енгізу жұмыстары, қызметінің бағыты бойынша авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік кешендер әзірлеу, басылымдары (инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттау))

1. Білім беру жобалары (педагогикалық практикаға енгізу)			
	Атауы	Сипаттамасы	Енгізілуі мен нәтижесі (сертификат)
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

2. Қызметінің бағыты бойынша авторлық білім беру бағдарламалары, әдістеме мен технологиялары, оқу-әдістемелік кешендері			
	Атауы	Сипаттамасы	Лицензия, хаттама, ISBN
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			
3. Басылымдары (инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттау)			
	Басылым атауы	Күні/парақ саны	Хаттама (растайтын құжаттар)
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

III. Педагогикалық қызметтің нәтижелілігі

(Оқытушылар мен білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) пәндік олимпиадалардағы оқу жетістіктерін, конкурс, ғылыми-практикалық конференция, спорт жарысы, музыкалық және кәсіби конкурстардағы жетістіктерін мониторингілеу)

1. Оқушылардың қорытынды аттестаттаудағы оқу жетістіктерін мониторингілеу	
Атауы	Білім сапасы (%) (соңғы 3 жылда)

2. Оқытушының пәндік олимпиада, конкурс, ғылыми-практикалық конференция, спорт жарысы, музыкалық және кәсіби конкурстардағы жетістіктері			
	Конкурс атауы	Алған орны	Диплом, грамота, алғыс хаттары
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

3. Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) пәндік олимпиада, конкурс, ғылыми-практикалық конференция, спорт жарысы, музыкалық және кәсіби конкурстардағы жетістіктері			
	Конкурс атауы	Алған орны	Диплом, грамота, алғыс хаттары
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

IV. Педагогтің кәсіби шеберлігі мен жеке тұлғасын бағалау

(Өкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының; әлеуметтік серіктестер мен ғылыми, педагогикалық шығармашылық қоғам өкілдерінің пікірлері, әдістемелік өнімдерге рецензиялары)

<i>1. Әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-аналарының пікірлері</i>	
	Пікір авторы
Қалалық деңгейде	
Республикалық деңгейде	
Халықаралық деңгейде	

<i>2. Әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғамның пікірлері</i>	
	Пікір авторы
Қалалық деңгейде	
Республикалық деңгейде	
Халықаралық деңгейде	

<i>3. Әдістемелік өнімдерге рецензия</i>			
	Әдістемелік өнім атауы	Рецензент	Нәтиже
Қалалық деңгейде			
Республикалық деңгейде			
Халықаралық деңгейде			

Педагог портфолиосын бағалау парағы

Бағалау критерийлері		Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
1. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі (қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлер)	Біліктілікті арттыру	1 балл Қалалық деңгейдегі курстар	3 балл Республикалық деңгейдегі курстар	5 балл Халықаралық деңгейдегі курстар
	<i>Инновациялық білім беру технологияларын қолдануы, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық</i> (қолданылған технологиясы туралы сертификат пен әріптестерінің пікірлері)	1 балл қалалық деңгей	3 балл республикалық деңгей	5 балл халықаралық деңгей
	<i>Кәсіби конкурстарға қатысуы (іштей қатысу)</i>	<i>Қалалық деңгейдегі жетістіктері:</i> 1 балл – алғыс хат 2 балл - грамота 3 балл - III орын 4 балл - II орын 5 балл – I орын	<i>Республикалық деңгейдегі жетістіктері:</i> 2 балл – алғыс хат 3 балл - грамота 4 балл - III орын 5 балл - II орын 6 балл – I орын	<i>Халықаралық деңгейдегі жетістіктері:</i> 3 балл – алғыс хат 4 балл - грамота 5 балл - III орын 6 балл – II орын 7 балл - I орын
	<i>Конференция, семинарларға қатысуы (іштей қатысуы)</i>	1 балл Білім беру ұйымының ішінде	3 балл Қалалық деңгей	5 балл Республикалық деңгей
	<i>Зерттеу жұмыстары (жүргізілген зерттеу жұмысын талдау жоспары, шешу жолдары)</i>	1 балл Білім беру ұйымы ішінде	3 балл Қалалық деңгей	5 балл Республикалық деңгей
	<i>Сараптамалық комиссияларға қатысуы, біліктілікті</i>	1 балл Қалалық деңгей	3 балл Республикалық деңгей	5 балл Халықаралық деңгей

	<i>арттыру курстарындағы тренерлік қызметі</i>			
2. Педагогтің қала, республика дағы білім беруді дамытуға қосқан жеке үлесі (қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлер)	<i>Білім беру жобалары (педагогикалық практикаға енгізілуі)</i>	1 балл Бекітілген және білім беру ұйымында өткізілген екі сабақтың жоспары (ұйымдастырылған оқу қызметі, үйірме) өзіндік талдау және фотосуреттерімен	3 балл Жоспары бекітіліп, қалалық деңгейде өткізілген сабақтың фотосуреттерімен өзіндік талдауы	5 балл Республикалық деңгейде өткізілген сабақ фотосуреттері және өзіндік талдауымен
	<i>Қызметінің бағыты бойынша авторлық білім беру бағдарламалары, әдістеме мен технологиялары, ОӘК (лицензия, хаттама, ISBN))</i>	1 балл Іс-тәжірибесін білім беру ұйымы ішінде тарату туралы шешім	3 балл Іс-тәжірибесін қалада тарату туралы шешім	5 балл Іс-тәжірибесін республикада тарату туралы шешім
	Басылымдар (инновациялық педагогикалық идеяларды насихаттау)	1балл Қалалық деңгей	3 балл Республикалық деңгей	5 балл Халықаралық деңгей
3.Педагогикалық қызметінің нәтижелілігі (қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлер)	<i>Оқушылардың оқу жетістіктерін, қорытынды аттестаттау нәтижелерін мониторингілеу (білім сапасы %)</i>	1 балл Білім сапасының көрсеткіші 50-60%	3 балл Білім сапасының көрсеткіші 61-80%	5 балл Білім сапасының көрсеткіші 81-100%
	<i>Оқытушының пәндік олимпиада, конкурс, ғылыми-практикалық конференция, спорт жарысы, музыкалық және кәсіби конкурстардағы жетістіктері</i>	Қалалық деңгейдегі жетістіктері: 1 балл – алғыс хат 2 балл - грамота 3 балл - III орын 4 балл - II орын 5 балл – I орын	Республикалық деңгейдегі жетістіктері: 2 балл – алғыс хат 3 балл - грамота 4 балл - III орын 5 балл - II орын 6 балл – I орын	Халықаралық деңгейдегі жетістіктері: 3балл – алғыс хат 4балл - грамота 5балл - III орын 6балл – II орын 7 балл- I орын
	<i>Оқушылардың (тәрбиеленушілердің) пәндік олимпиада, конкурс, ғылыми-</i>	Қалалық деңгейдегі жетістіктері: 1 балл – алғыс	Республикалық деңгейдегі жетістіктері: 2 балл – алғыс	Халықаралық деңгейдегі жетістіктері: 3балл– алғыс

	<i>практикалық конференция, спорт жарысы, музыкалық және кәсіби конкурстардағы жетістіктері</i>	хат 2 балл - грамота 3 балл - III орын 4 балл - II орын 5 балл - I орын	хат 3 балл - грамота 4 балл - III орын 5 балл - II орын 6 балл - I орын	хат 4 балл - грамота 5 балл - III орын 6 балл - II орын 7 балл - I орын
4. Педагогтің кәсіби шеберлігін және жеке тұлғасын бағалау (қалалық, республикалық, халықаралық деңгейлер	<i>Әкімшіліктің, әріптестердің, оқушылардың (тәрбиеленушілердің), олардың ата-аналарының пікірлері</i>	1 балл білім беру ұйымының әкімшілігі мен әріптестерінің пікірлеріне	3 балл білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) пікірлеріне	5 балл ата-аналардың пікірлеріне
	<i>Әлеуметтік серіктестердің, ғылыми, педагогикалық, шығармашылық қоғамның пікірлері</i>	Қалалық деңгей 1 балл – педагогикалық және шығармашылық қоғамның пікірлеріне 2 балл - ғылыми қоғамдастықтың пікірлеріне 3 балл - әлеуметтік серіктестердің, пікірлеріне	Республикалық деңгей 2 балл – педагогикалық, шығармашылық қоғамның пікірлеріне 3 балл - ғылыми қоғамдастықтың пікірлеріне 4 балл - әлеуметтік серіктестердің пікірлеріне	Халықаралық деңгей 3 балл – педагогикалық, шығармашылық қоғамның пікірлеріне 4 балл - ғылыми қоғамдастықтың пікірлеріне 5 балл - әлеуметтік серіктестердің, пікірлеріне
	Әдістемелік өнімдерге рецензия (лицензия, хаттама, ISBN болған жағдайда)	1 балл Қалалық деңгей	3 балл Республикалық деңгей	5 балл Халықаралық деңгей

**Сараптамалық комиссия мүшесінің
эссе бойынша бағалау парағы**
Дескриптордың әр тармағы үшін 1 балл қосылады.

№	ТАӘ	Білім беру ұйымы	Эссе құрылымын сақтауы: - кіріспе; - тезис, дәлелдері; - қорытынды.	Тақырыпты және мәселені толыққанды ашуы: - тақырыпқа сәйкестігі; - негізгі мәселені анықтауы; - шығармашылық және сыни тұрғыдан болуыческогоподхода и критического осмысления	Ақпараттандырылуы, еліміздегі және әлемдегі соңғы оқиғаларды білуі: -тақырыпты ашу үшін өзектілігін анықтау; - мәселеге өз бағасын беруі; - мысал келтіру.	Мазмұндау қисыны, сауаттылығы: - мазмұндау реттілігі; - жазба тілінің сауаттылығы; - креативтілігі.	Мәтіннің бірегейлігін тексеру: - плагиатқа тексеру; - 80% дейін.	Жалпы балл
1.								

Сараптамалық комиссия мүшесі:

_____ (ТАӘ)

_____ (ҚОЛЫ)

«Үздік педагог» атағын беру конкурсының бейнеролигіне техникалық шарттар

1. Техникалық шарттар:

Конкурстың тақырыбына сай келетін бейнероликтер Конкурсқа ұсынылады.

Бейненің форматы: DVD, MPEG, ең аз рұқсат-720x480 (12:8 см). Бейнероликтің ұзақтығы – 1 минут.

Педагогтің есімі жазылған ақпараттық бейнемен ресімдеу.

Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды пайдалану – педагогтің қалауы бойынша.

Бейнероликтің жанрын (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм) қатысушылар өздері анықтайды.

Бейнероликті түсіру және монтаждау кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдар, фотосуреттер, бейнефрагменттер, арнайы эффект, фондық музыка қолданылуы мүмкін. Конкурсқа басқа адамдардың қадір-қасиеті мен сезімдерін қорлайтын, тақырыпқа сәйкес келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер қабылданбайды.

2. Бейнероликтің мазмұны ұсынылған тақырып бойынша қатысушының жеке қабылдауын, көзқарасы мен ойын көрсетеді.

**«Үздік педагог»
атағын беру
қалалық конкурсына
6-қосымша**

Қалалық комиссия мүшесінің бейнероликті бойынша бағалау парағы
Визит карточкасы
Әр тармақ үшін 1 балл қосылады

№	ТАӘ	Білім беру ұйымы	көрсеткім ерекшелігі	IT-ресурстарды пайдалануы	Регламент сақтауы	ұсынылған тақырып бойынша қатысушы жеке қабылдауын, көзқарасы мен ойын көрсете білуі	педагогтің даралығын ашу	бейнепрезентацияны жасаудағы креативтілігі	Жалпы балл
1									

Сараптамалық комиссия мүшесі:

_____ (ТАӘ)

_____ (қолы)

Педагогтің бейнесабағын бағалау парағы

Бағалау критерийлері	Дескрипторлар		
	Төмен деңгей	Орта деңгей	Жоғары деңгей
1. Сабақ беру әдістемесін меңгеруі	1 балл	3 балл	5 балл
	Оқушылардың танымдық қызметін ынталандыратын әдіс-тәсілдерді нашар меңгерген, сабақ беру қарқыны төмен. Оқу процесінде оқушының жеке ерекшеліктерін ескермейді. Сабақты қатаң жоспар бойынша жүргізеді, стандартты сұрақтар қояды. Кері байланыс нашар.	Оқушылардың танымдық қызметін ынталандыратын әдіс-тәсілдерін біледі. Сабақтың бірқалыпты қарқынын қамтамасыз ете алады. Оқу процесінде әр оқушының жеке ерекшеліктерін ескереді. Стандартты, сондай-ақ оқушының ойлау қабілетін арттыратын сұрақтар қояды. Кері байланысты жақсы ұйымдастырады.	Оқушылардың танымдық қызметін ынталандыратын техниканы меңгерген. Сабақтың жоғары қарқында өтуін қамтамасыз етеді. Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастырады. Оқу процесінде әр оқушының жеке ерекшеліктерін біледі және ескереді. Оқушының ойлау қабілетін арттыратын сұрақтар қояды. Кері байланысты жүйелі ұйымдастырады.
2. Пәнді нақты және терең білуі	1 балл	3 балл	5 балл
	Материал бойынша білім көлемі сабақ тақырыбының шегінде. Негізгі ақпарат көзі – оқулық. Іс жүзінде материалды білуде қателер жібереді, терминдер мен ұғымдарды анықтауда нақтылық жоқ. Материалды мазмұндауда тіл байлығы жетпейді.	Оқу бағдарламасы көлеміндегі білім мен практикалық дағдыларды меңгерген. Осы саладағы фактілер, ашылған жаңалықтармен жұмыс істей алады. Пән бойынша берілген сұраққа жауап бере алады. Сұхбат, пікірталас ұйымдастыра алады. Сөз мәдениеті жоғары.	Өз пәнін біледі және заманауи оқыту әдістерін меңгерген. Пәні бойынша терең ғылыми білімі бар. Осы саладағы оқиғалар, фактілер, ашылған жаңалықтармен жұмыс істей алады. Өз білімін пәнаралық байланысты ұйымдастыру кезеңінде пайдаланады. Пікірталас тақырыбына қолдау көрсетіп, ұйымдастырады және дамыта алады. Сөз

			мәдениеті жоғары.
3. Оқушыларды іс-әрекетке жігерлендіре білу	1 балл	3 балл	5 балл
	Оқушыларды белсенді әрекетке шақыру деңгейі төмен. Ынталандыру және жігерлендіру әдіс-тәсілдерін меңгермеген. Сабақ барысында танымдық қызығушылықтарын әлсін-әлсін қолдап отырады. Оқушыларды жетістікке жетуге бағыттай алмайды.	Оқушыларды белсенді әрекетке шақыра алады. Ынталандыру мен жігерлендірудің түрлі әдіс-тәсілдерін қолданады. Мақсат қою барысында нақты оқушыларды ескере отырып, сабақ бойы танымдық қызығушылығына қолдау көрсетіп отырады.	Оқушылардың белсенді қызметін жоғары деңгейде ұйымдастыра алады. Ынталандыру мен жігерлендірудің түрлі әдіс-тәсілдерін, жеке жұмысты қолданады. Сабақ бойы танымдық қызығушылығына үздіксіз қолдау көрсетіп отырады. Вербалды және вербалды емес байланыс тәсілдерін белсене пайдаланады. Білім алушыларды оқу жетістіктеріне жетуге бағыттай алады. Салауатты бәсекелестік рухын қалыптастырады.
4. Сабақ мақсатына жете білуі	1 балл	3балл	5 балл
	Мақсат айқын қойылмаған, оларға жету критерийлері жоқ.	Педагог сабақ мақсатын қоя біледі. Мақсаты айқын, анық және қолжетімді.	Педагог сабаққа қойылған мақсаттың орындалатынына сенімді. Сабақ мақсаты айқын және сауатты қойылған
5.Білім алушының білімі мен практикалық дағдыларын бағалау объективтілігі	1 балл	3 балл	5 балл
	Білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін білмейді. Білім алушылардың жетістіктеріне баға берілмейді. Білім алушылардың үлгеріміне талдау және мониторинг жүрізбейді. Бағалау формалды және субъективті болып табылады.	Оқушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін анықтайды. Оқушылардың жетістіктеріне сабақ бойы баға беріліп отырады. Білім алушылардың үлгеріміне, практикалық дағдыларды меңгеруіне талдау және мониторинг тұрақты жүргізіледі. Материалды меңгеру ақпаратын түрлі	Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін нақты түсінеді. Бүкіл сабақ бойы жетістіктеріне баға беріліп отырады. Оқушылардың үлгеріміне талдау мен мониторинг тұрақты жүргізіледі. Материалды меңгеру ақпаратын жинақтаудың түрлі әдістерін пайдаланады.

		әдістерін пайдаланады.	
6. Уақытты ұтымды пайдалануы	1 балл	3 балл	5 балл
	Сабақ уақыты ұтымсыз жоспарланған. Педагог жұмыс көлемінің орындалуын есептей алмайды.	Педагог жұмыс көлемінің орындалу уақытын есептеуде қиналады. Уақытты ұтымды пайдалану мақсатында оқыту әдістемесін дұрыс таңдай біледі.	Сабақтың әр кезеңінде уақытты ұтымды жоспарлайды. Уақытты ұтымды пайдалану мақсатында сабақ беру әдістемесін дұрыс таңдай біледі.
7. Білім алушылардың жетістіктеріне қойылатын талаптар және күтілім деңгейі	1 балл	3 балл	5 балл
	Педагог оқушының материалды меңгеруіне қатысты талап қоймайды. Білім алушылар жетістігінің динамикасын қадағаламайды.	Педагог оқушының материалды меңгеруіне қатысты жоғары талап қояды, бірақ үнемі емес. Білім алушылар жетістігінің динамикасын қадағалайды.	Педагог оқушының материалды меңгеруіне қатысты үнемі жоғары талап қояды. Білім алушылар жетістігінің динамикасын қадағалайды.
8. Кері байланысты ұйымдастыра білуі	1 балл	3 балл	5 балл
	Кері байланыс төмен деңгейде ұйымдастырылған, тапсырмалар білім алушылар өз жетістіктерін сезінетіндей етіп сараланбаған.	Оқушылар өз жауаптарын дәлелдеуге қиналады немесе жауаптарын дәлелдемейді. Бір-бірін объективті бағалай алмайды.	Білім алушылар педагогтің талабын дұрыс түсінеді, берілген тапсырманы уақтылы және дұрыс орындайды, дәлелді жауап бере алады. Оқушының жауабы негізінде түзету жұмыстары жүргізіледі және білімін тереңдету бойынша сындарлы кері байланыс беріледі.
9. Үй тапсырмасы.	1 балл	3 балл	5 балл
	Педагог нұсқаманы тиісті деңгейде жүргізе алмайды. Орындау алгоритмін бермейді, көлемі мен уақытын есепке алмайды. Тапсырма білім алушыларға түсініксіз. Оқушылар алған білімдері мен дағдыларын пайдалануға бағытталмаған.	Педагог нұсқаманы жүргізеді. Орындау алгоритмін береді, көлемі мен уақытын есепке алады. Тапсырма әр оқушыға түсінікті, алған білімі мен дағдысын пайдалануға бағытталған.	Педагог нұсқаманы жүргізеді. Орындау алгоритмін береді, көлемі мен уақытын есепке алады. Тапсырма әр оқушыға түсінікті, шешімді өз бетінше іздеуге және алған білімі мен дағдысын пайдалануға бағытталған.

*«Үздік педагог»
атағын беру
қалалық конкурсына
8-қосымша*

**КОНКУРСТЫҚ БАҒАЛАР БОЙЫНША БІРІНШІ КЕЗЕҢНІҢ
ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ**

Білім беру ұйымы _____

(мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру)

№	Қатысушының ТАӘ	Конкурстық тапсырмалар /балл/		Жалпы балл	Орта балл
		Педагог портфолиосы	Эссе		

Сараптамалық комиссия мүшелері _____

«__» _____ 2021 жыл

*«Үздік педагог»
атағын беру
қалалық конкурсына
9-қосымша*

**КОНКУРСТЫҚ БАҒАЛАР БОЙЫНША ЕКІНШІ КЕЗЕҢНІҢ
ЖИЫНТЫҚ ВЕДОМОСЫ**

Білім беру ұйымы _____

(мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру)

№	Қатысушының ТАӘ	Конкурстық тапсырмалар /балл/		Жалпы балл	Орта балл
		Визит карточкасы	Жұмыс тәжірибесінің көрсетілімі		

Конкурстық комиссия төрағасы _____

Конкурстық комиссия мүшелері _____

«__» _____ 2021 жыл